

«Шеңгелши негізгі орта мектебі» КММ

Бекітемін:
Мектеп директоры: Ш.Б. Адилов



**«KEMEL» дебат клубының 2022–2023 оку жылына арналған
жылдық жоспары**

№	Iс-шара атаяуы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	Клуб мүшелерін іріктеу және таныстыру	Қатысуышыларды іріктеу, мотивация беру	Қыркүйек	Ізбасар Ж.К.
2	Дебат негіздері мен сөйлеу мәдениеті	Ораторлық және коммуникация дағдыларын дамыту	Қазан	Ізбасар Ж.К.
3	Бірінші дебат-сабак	Женіл тақырыпта дебат ережелерін іс жүзінде үйрену	Қараша	Ізбасар Ж.К.
4	Логика және аргументация сабағы	Сыни ойлау мен дәлел көлтіру дағдыларын қалыптастыру	Желтоқсан	Ізбасар Ж.К.
5	Пікірсайыс сабағы	Қоғамдық пікірталасқа бейімделу	Қаңтар	Ізбасар Ж.К.
6	Рөлдік дебат ойыны	Креативті ойлауды және топтық жұмысты дамыту	Ақпан	Ізбасар Ж.К.
7	Мектепішлік дебат сайысы	Сайыстық рух қалыптастыру, тәжірибе жинау	Наурыз	Ізбасар Ж.К.
8	Серіктес клубпен кездесу	Коммуникативтік және әлеуметтік байланыс орнату	Сәуір	Ізбасар Ж.К.
9	Қорытынды сессия және марапаттау	Рефлексия, жетістіктерді бағалау	Мамыр	Ізбасар Ж.К.

«Кемел» дебат клубының 2022–2023 оку жылына арналған жылдық талдауы

Қыркүйек айында клуб мүшелерін іріктеу және таныстыру және оку жылдының басында дебат клубының құрамын жасақтау жұмыстары жүргізілді. Қатысушылар арнайы анкета және сұхбат арқылы іріктелді. «Мен кіммін?» атты танысу тренингі арқылы оқушылар бір-бірімен танысып, командада жұмыс істеудің маңызын түсінді. Бұл іс-шара мотивациялық бағытта өтті және клуб мүшелері белсенді түрде жұмысқа тартылды.

Қазан айында «Дебат негіздері мен сөйлеу мәдениеті» тақырыбында түсіндірме жұмысы жүргізілді. Сонымен қатар, қазан айында пікірсайыс негіздері мен сөйлеу мәдениеті тақырыптары қамтылды. Оқушыларга шешен сөйлеудің негізгі қағидалары, тыңдай білу, мәдениетті қарым-қатынас орнату жайлы ақпарат берілді. Практикалық тапсырмалар мен шағын рөлдік ойындар арқылы балалардың сенімді сөйлеу қабілеттері дами түсті.

Қараша айында «Бірінші дебат-сабак» тақырыбында танымдық сабағы өткізілді. Соған сәйкес, қараша айында алғашқы тәжірибелі дебат өткізілді. Оқушылар «Жазадан гөрі түсіндіру тиімді» тақырыбында пікірталасқа түсті. Бұл жаттығу женіл форматта ұйымдастырылды және оқушылардың дебат ережелерін іс жүзінде қолдануына мүмкіндік берді. Қатысушылар пікір айтуда, қарсы аргумент келтіру және сұрақ қою қабілеттерін көрсетті.

Желтоқсан айында «Логика және аргументация» сабағы өтті. Бұл сабакта логикалық ойлауды дамытуға бағытталған іс-шара өткізілді. «Неліктен дәлел маңызды?» атты жаттығулар мен талқылау сабактары арқылы оқушылардың аргументтеу және дәлел келтіру дағдылары дамыды. Сыни ойлау элементтері енгізіліп, топтық талдау жұмыстары жүргізілді.

Қаңтар айында пікірсайыс сабағы өткізілді. Клуб мүшелеріне реңсі форматтағы пікірталас сабағы өтті. «Мектеп формасы міндettі болуы керек пе?» тақырыбында дебат ұйымдастырылып, оқушылар қоғамдағы өзекті мәселелерге пікір білдіруде белсенділік танытты. Сабак нәтижесінде оқушылар аргументтерін дәлелді түрде жеткізіп, қарсы пікірге құрметпен қарау мәдениетін үйренді.

Ақпан айында «Рөлдік дебат ойыны» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Оқушыларға ерекше формат ұсынылды – рөлдік дебат ойыны. Тақырып: «Ертегі кейіпкерлерінің тандауы дұрыс па?» Оқушылар түрлі кейіпкерлер рөлінде сөйледі. Бұл формат креативті ойлауға, актерлік шеберлікке және импровизацияға негізделген. Қатысушылар белсенділікпен қатысып, топтық жұмыс тәжірибесін арттыруды.

Наурыз айында мектепішлік дебат сайысы ұйымдастырылды. «Білім – болашақтың кілті» тақырыбында клуб мүшелері өзара сынға түсті. Командалар арасындағы сайыс тартысты өтті. Сайысқа әділқазылар тартылып, женімпаздар марараптталды. Бұл іс-шара оқушылардың сайыстық рухын қалыптастырып, пікірсайысқа деген қызығушылығын арттыруды.

Сәуір айында басқа мектептің дебат клубымен бірлескен онлайн кездесу өткізілді. Оқушылар жаңа аудиториямен өз пікірлерін бөлісіп, ашық форматта пікір алмасты. Бұл кездесу балалардың әлеуметтік байланысын кеңейтіп, пікірсайыстың аясын кеңейтуге мүмкіндік берді.

Мамыр айында жұмыс жоспарына сай қорытынды сессия және марапаттгау кезеңі ұйымдастырылды. Оқу жылының соңында қорытынды сессия өтті. Оқушылар «Мен дебат арқылы не үйрендім?» тақырыбында эссе жазып, өз пікірлерін ортаға салды. Үздік дебатерлер анықталып, мактау қағаздарымен марапатталды. Бұл сессия жыл бойғы жұмыстардың нәтижесін саралап, алдағы жылға мотивация берді.

Мектеп директоры:  Ш.Б.Адилов

Орындаған: Ізбасар Ж.К.